

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты  
«Энергетика» кафедрасы

Төрехан Медет Еркінұлы

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы  
қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау

5B071800 - «Электр энергетикасы» мамандығы

Алматы 2019



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ


Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты

«Энергетика» кафедрасы

5B071800 – Электр энергетикасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісінің м.а.,  
PhD докторы

 Е.А. Сарсенбаев


«17» 05 2019 ж.

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы «Жиназ фабрикасының электрмен жабдыкталуын есептеу және сыртқы коректендіру схемасын техника-экономикалық тандау»


5B071800-«Электр энергетикасы»

Орындаған  
Пікір беруші  
М. Тынышпаева атындағы Қазақ  
көлік және коммуникациялар  
академиясы  
PhD, «Электроэнергетика»  
кафедрасының доценті

 Ж.Ж. Калиев

«17» 05 2019 ж.

Төрехан М.Е.  
Ғылыми жетекші  
лектор



Г.Ш. Токпеисова

«16» 05 2019 ж.

Алматы 2019



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және энергетика институты


«Энергетика» кафедрасы

5B071800 – Электр энергетикасы

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісінің м.а.,

PhD докторы

 Е.А. Сарсенбаев

«28» 01 2019 ж.

**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Төрехан Медет Еркінұлы

Тақырыбы: «Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау».

Университет проректорының 2018 ж. «30» қазанындағы № 1210 - б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі «6» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістер: Зауыттың бас жоспары; цехтар бойынша электрлік жүктемелер туралы мәліметтер; Фабрика энергожүйенің кернеуі 35 кВ тең жоғары вольтты әуе желісінен қорек алады. Энергожүйенің әуе желісінен зауытқа дейінгі қашықтық - 1 км. Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Электрлік жүктемелерді есептеу;

б) Арнайы бөлім: Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау;

в) Электр қауіпсіздігі;





Сызбалық материалдар тізімі: Сызбалық материалдарды слайдпен дайындау

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 15 атау






Дипломдық жұмысты дайындау


КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Электрлік жүктемелерді есептеу		
Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау	 16.05.192	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Негізгі бөлім	Тоқпеисова Г.Ш. лектор	16.05.19	
Электр қауіпсіздігі бөлімі	Тоқпеисова Г.Ш. лектор	16.05.19	
Норма бақылау	Балгаев Н.Е. PhD докторы, сениор - лектор	17.05.194	

Ғылыми жетекші



Г.Ш.Тоқпеисова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Төрехан М. Е.

Күні

« 20 » 05 2019 ж.



**5B071800 - Электр энергетикасы мамандығы бойынша оқитын ЭЭб-15-1к тобының студенті Төрехан Медет Еркінұлы «Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау» тақырыбындағы дипломдық жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі**

Тақырыбы: *Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау.*

Дипломдық жұмыста электр қабылдағыштардың берілген саны мен қуаты бойынша фабриканың жарықтандыру және күштік жүктемелері есептеліп, сыртқы электр жабдықтау нұсқаларын технико-экономикалық жағынан салыстырып таңдалған.

Электр қауіпсіздігі бөлімінде негізгі шаралар қарастырылып, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы тәртібі көрсетілген.


Жалпы бітіруші жұмыста ешбір айтарлықтай қателер жоқ. Сызбалар AutoCAD бағдарламасында сызылған. Түсінік жазбасында компьютерлік қателер бар.

Жұмысты орындау кезінде Төрехан Медетке өзін жауапкершілігі жоғары, білім алуға талпынысы бар, еңбекқорлығы жақсы студент ретінде көрсетті.

Бітіруші жұмысты жалпы өте жақсы орындаған, жоғарыдағы көрсетілген кемшіліктер Төрехан Медетке білікті маман болып шығуына ешқандай кедергісін тигізбейді.

Жалпы дипломдық жұмысқа 95% « өте жақсы» деген баға ұсынып, ал студент Төрехан Медет Еркінұлы 5B071800 – Электр энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші**  
**«Энергетика» кафедрасының**  
**Лекторы**



**Токпеисова Г.Ш.**

**«16» мамыр 2019 жыл.**



## РЕЦЕНЗИЯ

### Дипломдық жұмыс

Төрехан Медет Еркінұлы

5B071800- Электр энергетикасы

**ТАҚЫРЫБЫ:** Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы қоректендіру схемасын техника-экономикалық таңдау.

Орындалды:

- а) графикалық бөлім 7 парақ  
б) түсініктеме 56 бет

Дипломдық жұмыста электр қабылдағыштардың берілген саны мен қуаты бойынша фабриканың жарықтандыру және күштік жүктемелері есептеліп, сыртқы электр жабдықтау нұсқаларын технико-экономикалық жағынан салыстырып таңдалған Электр қауіпсіздігі бөлімінде негізгі шаралар қарастырылып, электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы тәртібі көрсетілген.

Студент жұмысты дайындау кезіндегі өз бетінше әрекеттенуі жұмыс кезіндегі жобалау мен тәртіптілігі, техникалық материалдарды пайдалана алуы бітірушінің жеке ерекшелігі.


Бітіруші жұмыстың тақырыбы, мазмұны, құрамы, көлемі оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес, арнайы нормативтер – ҚМжЕ, БМБ, оқулықтар, анықтамалықтарға сай дұрыс шешімдер қабылданып орындалған.

Жұмысқа ескерту: Мәтінде орфографиялық және стилистикалық қателер кездеседі.

### ЖҰМЫСТЫҢ БАҒАСЫ

Жалпы дипломдық жұмысқа 90% «өте жақсы» деген баға ұсынып, ал студент Төрехан Медет Еркінұлы 5B071800 – Электр энергетикасы мамандығы бойынша техника және технологиялар бакалавры академиялық дәрежесіне лайық деп есептеймін.

### РЕЦЕНЗЕНТ

М. Тынышбаев атындағы ҚазККА Қазақ кәсіптік-техникалық университетінің «Электрэнергетика» кафедрасының доценті, PhD  Ж.Ж. Калиев



ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ  
Начальник ОУП

«17» мамыр 2019 ж.



**Протокол анализа Отчета подобия**

**заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения**

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

**Автор:** Төрехан Медет Еркінұлы

**Название:** Жиһаз фабрикасының электрмен жабдықталуын есептеу және сыртқы коректендіру схемасын техника-экономикалық тандау.doc

**Координатор:** Гулбаршын Токпеисова

**Коэффициент подобия 1:**19,6

**Коэффициент подобия 2:**7,6

**Тревога:**344

**После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:**

- обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....  
.....  
.....  
.....  
.....

17.05.19

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения



Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

.....  
.....  
.....  
.....

*допустить к защите*

.....  
.....

*17.05.29*

.....  
.....

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

коэффициент подобия 1:13.5

коэффициент подобия 2:7.5

уровень 2.341

После проверки отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

✓ Авторизованный в работе кандидат наук является добросовестным и не обладает признаками плагиата. В связи с чем, работа признается оригинальной и допускается к защите;  
У обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, хотя чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отрецензирована с целью определения заимствований;  
Авторизованный в работе кандидат наук является добросовестным и обладает признаками плагиата, так в ней содержится заимствование из иностранного текста, указывающее на заимствования недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

.....  
.....  
.....

.....  
.....

*17.05.19*

.....  
.....

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения



## **АНДАТПА**

Диссертациялық жұмыс электрлік энергия ағынын басқару технологияларына және біріктірілген энергожүйенің жұмысының тиімділігін арттыруға арналған. Микропроцессорлық техниканың замануи дамуын қолдана отырып интеллектуалды электр берілісі желілері аясында электрэнергетиканы түрлендіру мәселелерін кешенді шешу мүмкіндіктері зерттеледі.

Математикалық сипаттамалар мен компьютерлік модельдер жүйенің өтпелі процестері кезіндегі әр түрлі режимдерін зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар күрделі біртекті біріктірілген жүйенің математикалық моделін режимдік қасиеттерін сараптау үшін және оның режимдерін басқару алгоритмдерін синтездеу үшін ыңғайлы түрге ақпараттық түрлендіруге мүмкіндік береді.

## **АННОТАЦИЯ**

Диссертационная работа посвящена технологиям управления потоками электроэнергии и вопросам повышения эффективности работы объединенных энергосистем. Исследуется возможность комплексного решения проблемы преобразования электроэнергетики в рамках интеллектуальных линий электропередач с использованием современного развития микропроцессорной техники.

Математическое описание и компьютерные модели позволяют исследовать при различных режимах переходные процессы системы в целом, а также позволяют информационно преобразовать математическую модель сложной объединенной неоднородной системы к удобному виду для анализа режимных свойств и синтеза алгоритмов управления ее режимами.

## **ANNOTATION**

Dissertation work is devoted to technologies of management of streams of the electric power and questions of increase of overall performance of the integrated power systems. Possibility of a complex solution of the problem of transformation of power industry within intellectual power lines with use of modern development of microprocessor equipment is investigated.

The mathematical description and computer models allow to investigate at various modes transition processes of system in general, and also allow is information to transform mathematical model of the difficult joint non-uniform system to a convenient look for the analysis of regime properties and synthesis of algorithms of management of its modes.



## КІРІСПЕ

Еліміздегі энергетика халық шаруашылығы мен әр түрлі саладағы электр энергиясын тұтынушыларды сенімді электрэнергиясымен қамтамасыз етуде. Қазақстанда өндірілген электрэнергияны тұтыну бойынша алғашқы орында өндіріс саласы және ол жалпы энергияның 70% құрайды.

Электр энергиясы халық шаруашылығының барлық саласында қолданылады, әсіресе электржетегінің әртүрлі механизмдері үшін, ал кейінгі жылдары әртүрлі электртехнологиялық құрылғылар үшін, оның ішінде электротермиялық және электрдәнекерлеу құрылғыларда, электролизде, материалды электрұшқындық және электрдыбыстық өндеуде, электрбояуда және т.б.

Энергожүйені жоспарлағанда қосымша күштік тұтынушыларды орнататындай жоспарланып, қуат коэффициенті жүйенің барлық жерінде жоғары деңгейде болып және де жүйеде электр энергия сапасын бақылайтын мүмкіндік болу керек. Электрлік энергия тұтынушыларының өз спецификалық ерекшеліктері болады, осыған байланысты электрмен жабдықтауға төмендегідей талаптар қойылады: қорек көзінің сенімділігі, электр энергиясының сапасы, жекелеген элементтерді сақтау және қорғау. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың электр жабдықтау жүйесін жобалап жасау және қолдануда техника-экономикалық жағынан дұрыс кернеуді таңдау, электрлік жүктемені анықтау, қосалқы трансформаторлардың қуатын және санын, олардың сақтандырғыштарын, кернеуді реттеу тәсілдерін және реактивті қуатты қалпына келтіру жүйесін таңдау қажет.

Электр жүйесін жобалау мәселесі тиімді мәселелер класына жатады, дегенмен ол тиімді әдістермен тез шешіле алмайды, себебі мәселелердің үлкен қиындығымен, көпшарттылықпен, параметрлігінің көптігімен және тапсырманың динамикалық сипаттарымен, дискреттікпен, және шығу параметрлерінің толық анықталмауымен байланысты шарттасқан.

Осы жағдайларда электр жүйелерінің жобалауы электр жабдықтаудың дамуының рационалды нұсқаларының соңғы санын жасауға кеп түйіседі. Олар кәдімгі және апаттан соңғы тәртіптерде тұтынушыларды сенімді және сапалы электр қуатымен қамтамасыз етеді. Экономикалық шарттар бойынша барынша рационалды нұсқаларды таңдау жасалады. Сонымен қатар барлық нұсқалар алдын-ала электр жабдықтауының сенімділігі мен сапасын бір деңгейге келтіреді. Жүйені жобалауда экологиялық, әлеуметтік және басқа шарттар шектеу түрінде есепке алынады.

Энергетикалық бағдарламада электр энергияны үнемдеу саясатын қарастыру дамуда. Электр энергетикалық ресурсты үнемдеу үшін өндірістегі қондырғыларды электрлік үнемдеу құрылғыларымен ауыстыру қажет, ескірген қондырғыларды жаңалау, энергетикалық шығындардың барлық түрін мүмкіндігінше жойып, өндірістің құрылымын жақсарту, энергетикалық ресурстарды түрлендіру және қолдану.



## 1 Зауыт бойынша электрлік жүктемелерді есептеу

### 1.2 Фабриканың берілгендері

Кондитерлің фабрика энергожүйенің кернеуі 35 кВ тең жоғары вольтты әуе желісінен қорек алады. Энергожүйенің әуе желісінен зауытқа дейінгі қашықтық - 1 км. Зауыт үш ауысыммен жұмыс істейді. Зауыттың бас жоспары 1.1-суретте көрсетілген.

**Кесте 1.1 – Фабрика бойынша электр жүктемелер**

№	Атаулары	ЭҚ саны	Тұрақталған қуаты	
			Жалғыз ЭҚ	Жалпылама
1	Бас ғимарат	40	10-40	1200
	а) 0,4 кВ б) синхронды қозғалтқыш 6 кВ	2	800	1600
2	Дайын өнім қоймасы	6	1-12	64,75
3	Көмекші цехтар блогы	15	1-20	152
4	Химиялық материалдар қоймасы	3	1-10	20
5	Кондитерлік цех	25	1-30	295
6	Карамель цехы	10	1-15	66,6
7	Тоңазытқыш станция	5	1-10	44,95
8	Қазандық	2	7,5	15,16
9	Басқару ғимараты	6	1-15	66,6
10	Резервуар	4	1-10	37,65
11	Бисквит қазандық	5	1-10	37,65
12	Су резервуары	20	1-30	196
13	Газ реттеу пункті	30	1-25	295
14	Еріту станциясы	1	7	7
15	Макарон сақтауға арналған цех	10	1-15	127,5
16	Карамель тоңазытқыш станция	12	1-10	127,5
17	Асхана	8	1-10	86,7
18	Автоматты түрде өрт сөндіретін сорғылау станциясы	15	1-30	196
19	Механикалық цех	20	1-25	196

### 1.3 Фабриканың жарықтандыру және күштік жүктемелерін есептеу

Завод цехтары бойынша кернеуі 1кВ-қа дейінгі электр жүктемелерді есептеу жеңілдетілген әдіс – реттелген диаграммалар – бойынша жүргізіледі. Цехтар бойынша күштік және жарықтану жүктемелерді есептеудің нәтижелері



1.2-кестеге және 1.3-кестеге “Кернеуі 0,4 кВ фабрика цехтары бойынша күштік жүктемелерді есептеу” енгізілген.

Фабриканың ГПП және цех ТП орналасу орынын анықтау мақсатымен жобалау кезінде электр жүктемелер картограммасын құрады.

Картограмма – заводтың жалпы планында орналасқан шеңберлер. Шеңберлердің аймағы таңдалған масштабта цехтардың есептелген жүктемелеріне сәйкес келеді.

Төменгі вольті жүктеме үшін картограмма цехтің жарықтандыру үлесін көрсету керек. Оны цехтің сәйкес келетін шеңбердің секторы түрінде көрсетуге болады.



**Кесте - 1.2 - Жарықтандыру жүктемесін есептеу**

№	Өндіріс орындарының Атаулары	Орындард ың өлшемі	Меншіктік жарықтандыр у жүктемесі ро кВт/м <sup>2</sup>	Сұраны с коэффи циент Кс	Тұрақ. қуаты. Р кВт	Жарықтандыру жүктемесінің есебі		cosφ	tgφ
						Рро, кВт	Qро, квар		
1	Бас ғимарат	5500	0,015	0,8	82,5	66	42	0,65	1,17
2	Дайын өнім қоймасы	266	0,015	0,85	4	3,4	2,5	0,9	0,48
3	Көмекші цехтар блогы	974	0,013	0,75	12,67	9,5	6,9	0,7	1,02
4	Химиялық материалдар қоймасы	115	0,015	0,8	1,73	1,38	1	0,65	1,17
5	Кондитерлік цех	1550	0,02	0,9	31	28	16	0,7	1,02
6	Карамель цехы	375	0,02	0,8	5,63	4,5	2,3	0,7	1,02
7	Тоңазытқыш станция	500	0,01	0,6	5	3	2	0,8	0,75
8	Қазандық	66,7	0,015	0,6	1	0,6	0,5	0,8	0,75
9	Басқару ғимараты	375	0,015	0,8	5,63	4,5	2,3	0,7	1,02
10	Резервуар	166	0,015	0,8	2,5	2	1,5	0,7	1,02
11	Бисквит қазандық	125	0,02	0,9	2,5	2	1,5	0,75	0,88
12	Су резервуары	1390	0,011	0,85	15,3	13	9	0,7	1,02
13	Газ реттеу пункті	2333	0,015	0,8	35	28	16	0,7	1,02
14	Еріту станциясы	33,3	0,015	0,8	0,5	0,4	0,3	0,65	1,17
15	Макарон сақтауға арналған цех	778	0,015	0,6	11,67	7	5	0,8	0,75
16	Карамель тоңазытқыш станция	778	0,015	0,6	11,67	7	5	0,8	0,75
17	Асхана	353	0,015	0,75	5,3	4	3,5	0,65	1,17
18	Автоматты түрде өрт сөндіретін сорғылау станциясы	1970	0,011	0,6	21,67	13	9	0,7	1,02
19	Механикалық цех	353	0,015	0,75	5,3	4	3,5	0,65	1,17



**Кесте - 1.3 - Күштік жүктемелі кернеуді есептеу 0,4 кВ**

№	Цехтар мен ЭҚ топтарының атаулары	ЭҚ саны	Номинальды қуат		m	Ки	cosφ	tgφ	Орташа қуат		пэ	Км	Есептік қуат			I <sub>p</sub> А
			P <sub>min</sub> -P <sub>max</sub> кВт	∑P <sub>n</sub> кВт					P <sub>см</sub> кВт	Q <sub>см</sub> квар			P <sub>p</sub> кВт	Q <sub>p</sub> квар	S <sub>p</sub> кВА	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
1	Бас ғимарат															
	Күштік	40	10-40	1200	>3	0,4	0,75	0,88	480	422	40	1,37	657,6	422		
	Жарықтандыру								66	42			66	42		
	Қорытынды								544	464			723,6	464	860	560
2	Дайын өнім қоймасы															
	Күштік	6	1-12	64,75	>3	0,4	0,75	0,88	25,75	22,66	6	1,32	34	24,9		
	Жарықтандыру								3,4	2,5			3,4	2,5		
	Қорытынды								29,15	25,16			37,4	26,4	44,9	65
3	Көмекші цехтар блогы															
	Күштік	15	1-20	152	>3	0,55	0,8	0,75	83,9	62,9	15	1,14	95,6	69		
	Жарықтандыру								9,5	6,9			9,5	6,9		
	Қорытынды								93,4	69,8			105,1	75,9	129,6	146
4	Кондитерлік цех															
	Күштік	3	1-10	20	3	0,6	0,8	0,75	12	9	3	1,15	13,8	9,9		
	Жарықтандыру								1,38	1			1,38	1		
	Қорытынды								13,38	10			15,18	10,9	18,7	27
5	Карамель цехы															
	Күштік	25	1-30	295	>3	0,7	0,7	1	207	162	25	1,11	230	162		
	Жарықтандыру								28	16			28	16		
	Қорытынды								235	178			258	178	310	205



**Кесте - 1.3 - Күштік жүктемелі кернеуді есептеу 0,4 кВ (жалғасы)**

6	Карамель цехы															
	Күштік	10	1-15	66,56	>3	0,8	0,7	1	53,25	22,3	10	1,19	45	22,3		
	Жарықтандыру								4,5	2,3			4,5	2,3		
	Қорытынды								57,75	24,6			49,5	24,6	55,3	79
7	Тоңазытқыш станция															
	Күштік	5	1-10	44,95	>3	0,6	0,8	0,75	35,96	19	5	1,16	31	19		
	Жарықтандыру								3	2			3	2		
	Қорытынды								38,96	21			34	21	40	26,1
8	Қазандық															
	Күштік	2	1-7,5	15,16	<3	0,6	0,8	0,75	9,1	4,7	2	1,3	7	4,7		
	Жарықтандыру								0,6	0,5			0,6	0,5		
	Қорытынды								9,7	5,2			7,6	5,2	9,45	13,5
9	Басқару ғимараты															
	Күштік	6	1-15	66,56	>3	0,8	0,7	1	53,25	22,3	6	1,19	45	22,3		
	Жарықтандыру								4,5	2,3			4,5	2,3		
	Қорытынды								57,75	24,6			49,5	24,6	55,3	79
10	Резервуар															
	Күштік	4	1-10	37,65	>3	0,8	0,8	0,75	30,14	13,1	4	1,37	22	13,1		
	Жарықтандыру								2	1,5			2	1,5		
	Қорытынды								32,14	14,6			24	14,6	27,3	39
11	Бисквит қазандық															
	Күштік	5	1-10	37,65	>3	0,8	0,8	0,75	30,14	13,1		1,37	22	13,1		
	Жарықтандыру								2	1,5			2	1,5		
	Қорытынды								32,14	14,6			24	14,6	27,3	39

Кесте - 1.3 - Күштік жүктемелі кернеуді есептеу 0,4 кВ (жалғасы)

12	Су резервуары															
	Күштік	20	1-30	196	>3	0,6	0,7	1	104,9	90	20	1,21	127	90		
	Жарықтандыру								13	9			13	9		
	Қорытынды								117,9	99			140	99	171,5	245
13	Газ реттеу пункті															
	Күштік	30	1-25	295	>3	0,7	0,7	1	207	162	30	1,11	230	162		
	Жарықтандыру								28	16			28	16		
	Қорытынды								235	178			258	178	310	205
14	Еріту станциясы															
	Күштік	1	7	7	<3	0,5	0,8	0,75	3,5	2,6	1	1,2	4,2	2,6		
	Жарықтандыру								0,4	0,3			0,4	0,3		
	Қорытынды								3,9	2,9			4,6	2,9	5,46	7,8
15	Макарон сақтауға арналған															
	Күштік	10	1-15	127,4	>3	0,7	0,8	0,75	63,7	45	10	1,16	74	45		
	Жарықтандыру								7	5			7	5		
	Қорытынды								70,7	50			81	50	94,5	135
16	Карамель тоңазытқыш станция															
	Күштік	12	1-12	127,4	>3	0,7	0,8	0,75	63,7	45	12	1,16	74	45		
	Жарықтандыру								7	5			7	5		
	Қорытынды								70,7	50			81	50	94,5	135
17	Асхана															
	Күштік	8	1-10	86,75	>3	0,4	0,7	1	34,7	32	8	1,21	42	32		
	Жарықтандыру								4	3,5			4	3,5		



	Қорытынды								39,7	35,5			46	35,5	58,1	83
18	Автоматты түрде өрт сөнді сорғылау станциясы															
	Күштік	15	1-30	196	>3	0,6	0,7	1	104,9	90	15	1,21	127	90		
	Жарықтандыру								13	9			13	9		
	Қорытынды								117,9	99			140	99	171,5	245
19	Механикалық цех															
	Күштік	20	1-25	196	>3	0,6	0,7	1	104,9	90	20	1,21	127	90		
	Жарықтандыру								13	9			13	9		
	Қорытынды								117,9	99			140	99	171,5	245
	<b>0,4 кВ шинадағы қорытынды</b>												<b>2345,5</b>	<b>1473,2</b>	<b>2654,9</b>	

## **Однолинейная схема**



## 1.4 Цех трансформаторлар санын таңдау және 0,4 кВ кернеудегі реактивті қуатты компенсациялау

Цех трансформаторларының саны мен қуатын технико-экономикалық есептеулер жолымен ғана мүмкін, келесі факторларды ескеріп: тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігінің категориясы; 1кВ-қа дейінгі реактивті жүктемені компенсациялауын; қалыпты (нормалы) және авариялы режимдерде трансформатордың аса жүктемелу қабілетін; стандартты қуаттар қадамы; жүктеме графигі бойынша трансформаторлардың тиімді жұмыс режимдерін.

Есептеулерді “Указания по компенсации реактивной мощности в электрических сетях промышленных предприятий” (1984г.) сәйкес жүргіземіз.

Есептеулер үшін берілулер:

$$\begin{aligned} P_{p0,4} &= 2345,5 \text{ кВт}; \\ Q_{p0,4} &= 1473,2 \text{ квар}; \\ S_{p0,4} &= 2654,9 \text{ кВА}. \end{aligned} \quad (1.1)$$

Кондитерлік фабрика 2 категориялы тұтынушыларға жатады, зауыт үш сменамен жұмыс істейді; сондықтан трансформатордың жүктелу коэффициенті  $K_{зтр}=0,8$ . Трансформатор қуатын  $S_{нтр}=400$  кВА тең қабылдаймыз.

Ең көп есептік активті жүктемені қамдау үшін қажетті қуаттары бірдей цех трансформаторлардың минималды саны:


$$N_{\text{т min}} = \frac{P_{p0,4}}{K_3 \times S_{нтр}} + \Delta N = \frac{2345,5}{0,8 \times 630} = 4,65 + 0,27 = 4,92 = 5 \text{ дана},$$

мұнда  $P_{p0,4}$  – соммалы есептік активті қуат;

$K_3$  – трансформатордың жүктелу коэффициенті;

$S_{нтр}$  – трансформатордың қабылданған номинал қуаты;

$\Delta N$  – ең жақын бүтін санға дейінгі қосымша.



$$P_{p0,4}; Q_{p0,4}$$

1.3 - Сурет - Реактивті қуат балансын құрауға арналған есептік сұлба

### Кесте-1.4 - ТП бойынша цехтың төмені вольті жүктемелерін есептеу

№ ТП СНТ, ҚНБК ТП	№ цехов	Рр 0,4, кВт	Qр 0,4, квар	Sp0,4, кВА	Кз
1	2	3	4	5	6
ТП1 (3x630)  ΣSH=3x630=1890кВА <b>Барлығы</b>	1	723.6	464	1113	0,6
	8	49.5	24.6		
	11	49.5	24.6		
	26	46	35.5		
	9	34	21		
	2	37.4	26.4		
		940	596.1		
		940	596.1		
ТП2 (2x630)  ΣSH=2x630=1260кВА <b>Барлығы</b>	7	258	178	837,5	0,66
	10	7,6	5,2		
	13	24	14,6		
	15	24	14,6		
	3	105,1	75,9		
	20	258	178		
	5	15,18	10,9		
		691,88	472		
		691,88	472		
ТП3 (2x630)  SH=2x630=1260кВА <b>Барлығы</b>	18	140	99	709,9	0,6
	23	4,6	2,9		
	24	81	50		
	25	81	50		
	28	140	99		
	30	140	99		
		586,6	399,9		
		586,6	399,9		



Трансформаторлардың таңдалған саны бойынша кернеуі 1 кВ-қа дейінгі желіге трансформаторлар арқылы берілетін ең көп реактивті қуатты анықтайды:

$$Q_1 = \sqrt{(N_{\text{тэ}} \times S_{\text{нт}} \times K_3)^2 - P_{\text{р0,4}}^2} = \sqrt{(7 \times 630 \times 0.65)^2 - 2345,5^2} = 1647,86 \text{ квар.} \quad (1.4.2)$$

0,4 кВ шиналарында реактивті қуаттар балансы шартынан  $Q_{\text{нбк 1}}$  шамасын анықтаймыз:

$$Q_{\text{нбк 1}} + Q_1 = Q_{\text{р 0,4}}; \quad (1.2)$$

$Q_{\text{нбк 1}} = Q_{\text{р 0,4}} - Q_1 = 1473,2 - 1647,86 = 0$  квар. Трансформаторлардың бұл тобы үшін төменгі кернеу конденсаторлар батареясының (НБК) қосымша  $Q_{\text{нбк 2}}$  қуаты келесі формула бойынша анықталады:

Есептеулер нәтижесі бойынша 1.4-кесте “ТП бойынша цехтер жүктемелерін тарату” құрылады.

Цех ТП-рын екі және үш трансформаторлы деп қабылдаймыз. Цехтарды, олардың жүктемелерін ескеріп, территориялық бөлігі бойынша топтарға жинаймыз. ТП1-ТП3 ГПП шинасына қосылған. Заводтың жалпы планында ТП1-ТП3-ны (6/0,4 кВ) орналастырамыз. Заводта негізгі тұтынушылар болып жоғары вольтты синхронды қозғалтқыштар (СҚ) болып табылады. Олар (СҚ) ГПП-дан алыс орналасқан цехтарда орнатылған, сондықтан цехтарда тарату пунктерін (РП) қоямыз.

## 1.5 Қаскелең қаласында орналасқан кондитердік фабриканың электр жүктемесінің дәл есептелуі

### 1.5.1 ЦТП-дағы қуат шығындарын анықтау

ТМН-630-10/0,4 трансформаторын таңдаймыз.

#### Кесте -1.5 - Трансформатордың паспорттық берілулері

Трансформатор түрі	$S_H, \text{кВ} \cdot \text{А}$	$I_{\text{хх}}, \%$	$U_{\text{кз}}, \%$	$\Delta P_{\text{кз}}, \text{кВт}$	$P_{\text{хх}}, \text{кВт}$
ТМН-630-10 (0,4)	630	2	5,5	8,5	1,31

Жүктелу коэффициентінің мәнін кестеден аламыз.

*ТП1:*

$$K_3 = 0.6;$$

$$N = 3;$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.50 \cdot 0.6^2) \cdot 3 = 13,11 \text{ кВт.}$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.6^2) \cdot 3 \cdot 630 = 75,22 \text{ квар.}$$

ТП2:

$$K_3=0.66;$$

$$N=2;$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.50 \cdot 0.66^2) \cdot 2 = 10 \text{ кВт.}$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.66^2) \cdot 2 \cdot 630 = 55,4 \text{ квар.}$$

ТП3:

$$K_3=0.6;$$

$$N=2;$$

$$\Delta P_m = (1.31 + 8.50 \cdot 0.6^2) \cdot 2 = 8,74 \text{ кВт.}$$

$$\Delta Q_m = 0.01 \cdot (2 + 5.5 \cdot 0.6^2) \cdot 2 \cdot 630 = 50,15 \text{ квар.}$$

Барлық трансформаторлардағы соммалы шығындар:

$$\Sigma P_{1-7} = 13,11 + 10 + 8,74 = 31,85 \text{ кВт.}$$

$$\Sigma Q_{1-7} = 50,15 + 55,4 + 75,22 = 180,77 \text{ квар.}$$

1.5.2 Синхронды қозғалтқыштардың ВН жағында реактивтік қуаттын компенсациялау үшін 1-шы цехтың СҚ пайдаланамыз.

$$P_{нсд} = 800 \text{ кВт; } \cos \varphi = 0,85; N_{сд} = 2; k_3 = \beta = 0.85.$$

СҚ үшін есептік қуатын анықтаймыз:


$$P_{рсд} = P_{нсд} \times N_{сд} \times k_3 = 800 \times 2 \times 0.85 = 1360 \text{ кВт.}$$

$$Q_{рсд} = P_{рсд} \times \tan \varphi = 1360 \times 0,67 = 911,2 \text{ квар.}$$

$$S_{рсд} = P_{рсд} / \cos \varphi = 1360 / 0,85 = 1600 \text{ кВА}$$

1.5.3 ГПП 6 кВ шинасындағы реактивті қуаттың қарымталануын есептеу

Орынбасу сұлбасын құраймыз, мына суретте көрсетілген



**1.4-сурет - 6 кВ шинадағы реактивті қуатты қарымталаудың орынбасу сұлбасы**



Резервті қуаты.

$$Q_{рез} = 0.1 \times \Sigma Q_{расч} = 0.1 \times (Q_{p0,4} + \Delta Q_T) = 0.1 \times (1473 + 180,7) = 165,37 \text{ квар.}$$

Энергожүйеден берілетін қуаты:

$$Q_э = 0.25 \times \Sigma P_p = 0.25 \times (P_{p0,4} + \Delta P_T + P_{сд}) = 0.25 \times (2345,5 + 31,85 + 1360) = 943,3 \text{ квар}$$

Реактивті қуаттар балансы шарты бойынша ВБК қуатын анықтаймыз:

$$Q_{ВБК} = Q_{p0,4} + \Delta Q_T + Q_{рез} - Q_э - Q_{сд}$$

$$Q_{ВБК} = 1473 + 180,7 + 165,37 - 943,35 - 911,2 = -2829,48 \text{ квар.}$$

$Q_{ВБК} = 0$  квар болғандықтан, ВБК таңдамаймыз

Зауыт бойынша электр жүктемесінің нақты есебі 1.6-кестесінде келтірілген .

**Кесте-1.6 - Фабриканың эл.жүктемесін дәл есептеу**

№ ТП	Цехтардың номері	ЭҚ саны N	Тұрақталған қуаттылық		Ки	Орташа жүктеме		Nэ	Км	Есептік қуат			Кз
			Pmin-Pmax	Общая $\sum P_n$ , кВт		Pсм кВт	Qсм квар			Pp, кВт	Qp, квар	Sp, кВА	
ТП1 3x630	1	40	10-40	1200	0,4	480	422	75	1,16	797,9	543,86	1069,4	0,6
	8	10	1-15	67		53,25	22,3						
	11	6	1-15	67		53,25	22,3						
	26	8	1-10	87		39,7	35,5						
	9	5	1-10	45		35,96	19						
	2	6	1-12	65		25,75	22,76						
	75	10-40	1531	687,91		543,86							
күштік жарықтандыру Барлығы										88,4	54,6		
										886,3	598,46	1069,4	0,6
ТП2 2x630	7	25	1-30	295	0,46	207	162	74	1,12	648,8	426,8	860	0,66
	10	2	1-7,5	15,16		9,1	4,7						
	13	4	1-10	37,65		30,14	13,1						
	15	5	1-10	37,65		30,14	13,1						
	3	15	1-20	152		83,9	62,9						
	20	30	1-25	295		207	162						
	5	3	1-10	20		12	9						
74	1-30	852,46	579,28	426,8									
күштік жарықтандыру Барлығы										71,48	43,4		
										720,28	470,2	860	0,66



**Кесте-1.6 – Фабриканың эл.жүктемесін дәл есептеу (жалғасы)**

№ ТП	№ цех ов	ЭҚ саны	Тұрақталған қуат		Ки	Орташа қуат		№э	Км	Есептік қуат			Кз
			Pmin-Pmax	Общая ∑Pн кВТ		Pсм кВТ	Qсм квар			Pp, кВт	Qp, квар	Sp, кВА	
ТПЗ 2x630	18	20	1-30	196		104,9	90						
	23	1	7	7		3,5	2,6						
	24	10	1-15	127,4		63,7	45						
	25	12	1-12	127,4		63,7	45						
	28	15	1-30	196		104,9	90						
	30	20	1-25	196		104,9	90						
		73	1-30	849,8	0,46	445,6	362,6	73	1,16	516,9	362,6		
күштік жарықтандыру Барлығы										53,4	37,3		
										570,3	399,9	696,5	0,59
0.4кВ шинадағы жинағы										2176,88	1468,56		
Трансформатордағы шығындар										31,85	180,77		
0.4кВ шинадағы қорытынды										2208,73	1649,33		
Синхронды қозғалтқыштар	1	2	800	1600						1360	-911,2		
<b>қорытынды</b>										<b>3568,73</b>	<b>738,13</b>	<b>3644,3</b>	

## 2 Сыртқы электр жабдықтау нұсқаларын технико-экономикалық жағынан салыстырып таңдау

### 2.1 Есептеу жолы

Өнеркәсіптік электржабдықтаудың оптимизациялау есептерін шешу кезінде бірнеше нұсқаларды салыстыру қажеттілігі туады. Өнеркәсіптік энергетика есептердің көп нұсқаларының бар болуы технико-экономикалық есептеулерді жүргізуді қажет етеді. Ол есептеулердің мақсаты – сұлбаның оптималды (тиімді) нұсқасын анықтау, электр жүйенің және оның элементтерінің параметрлерін анықтау.

Кондитердік фабрика қуаттары 4 МВА, кернеуі 35 кВ тең энергожүйе әуе желісінен қорек алады. Энергожүйенің қосалқы станциясынан заводқа дейінгі қашықтық - 1 км. Завод үш сменамен жұмыс істейді.

Электржабдықтау мәселелерінің оптималды шешімін табу жолдарының біріне бірнеше мүмкін болатын нұсқаларды салыстыру болып келеді. Дұрыс нұсқаны таңдау үшін технико-экономикалық жағын салыстыруға жүгінеді.

Салыстырылатын нұсқалар дәл үйлесімді және техникалық деңгейі дәрежесі, электржабдықтауды эксплуатациялау толассыздығының ыңғайлылығы бойынша тең болмайды. Олардың әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Әрбір салыстырылатын нұсқалардың міндетті шарты болып, осы объектіге жоғарғы бөлімдерде көрсетілген талаптарға, сонымен қатар ережелер мен (ЭҚЕ) басқа директивті нұсқауларға сай болуы керек.

Салыстырылатын нұсқаларды техник-экономикалық бағалау кезінде олардың құнының көрсеткіштері, яғни капиталды есептік жұмсаулар – К және есептік жылдық ұсталым – С, шешуші рөл атқарады.

Электржабдықтау элементтері есептеулерінің көбеймеуі үшін осы екі шама нұсқадағы өзгертін бөліктеріне ғана есептеледі.

Жабдықтар мен аппараттар олардың номиналды параметрлері бойынша, есептік жүктеме мен қысқа тұйықталу токтарының шамаларынан аспайтын мәндер бойынша таңдалады.

Өткізгіштердің қима аудандары токтың экономикалық тығыздығы, қызуы және қысқа тұйықталу тогы ЭҚЕ-не сәйкес анықталады.

Әр жылдық өндірістің есептік ұсталымы С мыналардан шығады:  $C_w$  энергия шығындарының құнынан,  $C_a$  амортизациялық бөлулерден және  $C_p$  ағымдағы жөндеуге бөлінетін шығындардан. Демек С шамасы мынаған тең:

$$C=C_w+C_a+C_p.$$

Екі нұсқаны салыстыра келе олардың тиімдісін Z есептік шығындардың минимумы бойынша таңдайды:

$$Z=C+P_n K,$$

мұндағы  $P_n=0,6$  – тиімділіктің нормативті коэффициенті.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қаражат кабельдік желілер мен темірбетонды тіреудегі әуелік желілер үшін құрылыс құнының 0,5%, ал қосалқы станция үшін 1,0% көлемінде болады.

Бұл жобада ГДҚ-ын электржабдықтаудың 2 нұсқасын салыстырамыз. І нұсқа бойынша электржабдықтау 4,8км қашықтықта орналасқан қуаты 10МВА, кернеуі 110/6,3кВ Ақшабұлақ бас төмендеткіш қосалқы станциясынан әуелік электр беріліс желісінен, ал ІІ нұсқа бойынша электржабдықтау дәл осы қосалқы станциядан қоректенетін жерге салынған күштік кабельдер арқылы жүзеге асады.

Амортизация нормаларын келесідей етіп қабылдаймыз (3.1-кесте):

### 2.1-кесте - Амортизация нормалары

<i>Атауы</i>	Амортизация нормасы, %-бен
6-35кВ әуелік электр беріліс желілері үшін	2,8
6-35кВ жерде салынған кабельдік желілер үшін	3
Күштік электртехникалық қондырғылар мен таратушы құрылғылар үшін	6,3

Технико-экономикалық салыстыруды жүргізу үшін электрменжабдықтаудың екі нұсқасын қарастырамыз::

І нұсқа –энергожүйенің кернеуі 35 кВ жағынан әуе электр беріліс желісін орнату.

ІІ нұсқа – энергожүйенің кернеуі 35 кВ жағынан кабельэлектр беріліс желісін орнату.

### 2.2 I Нұсқа

І нұсқа бойынша электржабдықтарды таңдаймыз.

1. ГПП трансформаторларын таңдаймыз:

$$S = \sqrt{P_p^2 + Q_э^2} = \sqrt{3568,73^2 + 943^2} = 3859$$

Қуаттылығы 2500 кВА-лі екі трансформатор таңдаймыз.

Жүктелу коэффициенті:

$$K_3 = \frac{S_p}{2 \cdot S_H} = \frac{3859}{2 \cdot 2500} = 0.75$$


Трансформатордың паспорттық берілулері:

Трансформатор түрі ТМН –2500/35/6,3;

$S_H=2500$  кВА,  $U_{BH}=35$  кВ,  $U_{HH}=6,3$  кВ,  $\Delta P_{XX}=4,1$  кВт,  $\Delta P_{K3}=23,5$  кВт,

$U_{K3}=6,5\%$ ,  $I_{XX}=1\%$ .





2.1 - Сурет - Электржабдықтау сұлбасының I нұсқасы

БТҚС орнатылған трансформатордың құны 6 млн. тг құрайды.

Трансформатордағы қуат шығыны:

активті:

$$\Delta P_{\text{ТПШ}} = 2 \cdot (\Delta P_{\text{XX}} + \Delta P_{\text{КЗ}} \cdot K_3^2) = 2 \cdot (4,1 + 23,5 \cdot 0,75^2) = 34,6 \text{ кВт}$$

реактивті:

$$\Delta Q_{\text{тгпп}} = 0,02 \cdot (I_{\text{XX}} + U_{\text{КЗ}} \cdot K_3^2) \cdot S_{\text{н}};$$

$$\Delta Q_{\text{тгпп}} = 0,02 \cdot (1 + 6,5 \cdot 0,75^2) \cdot 2500 = 232,8 \text{ квар},$$

Трансформатор энергиясының шығыны.

Үш сменмен жұмыс істеу режим кезінде:  $T_{\text{вкл}}=6000\text{сағ}$ ;  $T_{\text{макс}}=6000\text{сағ}$ .

Онда максималды шығын уақыты:

$$\tau = (0,124 + T_{\text{м}} \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = (0,124 + 6000 \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = 4592\text{с}.$$

Трансформатордың активті қуат шығыны:

$$\Delta W = 2 \times (\Delta P_{\text{XX}} \times T_{\text{вкл}} + \Delta P_{\text{КЗ}} \times \tau \times K_3^2)$$

$$\Delta W = 2 \times (4,1 \times 6000 + 23,5 \times 4592 \times 0,75^2) = 170601 \text{ кВтч}$$

Сонда трансформатордың бір жылдағы тұтынатын электр энергия шығынының құны 1330687 тг.

Трансформаторлық қосалқы станция үшін бөлінетін капиталдың мөлшері:  $K=6000000*2=12000000$ тг.

Трансформатор энергия шығынының құны:  $C_w=1330687$  тг.

Трансформаторлық қосалқы станция амортизация шығынының құны:  $C_a=756000$  тг.

Трансформаторлық қосалқы станцияның ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынының құны:  $C_p=120000$ тг.

2.ЛЭП (Электр өткізгіш желісі)–35 кВ.

ЛЭП-нен өтетін, толық қуаты:

$$S_{лэп} = \sqrt{(P_p + \Delta P_{тэпн})^2 + Q_3^2} = \sqrt{((3568,73 + 34,6)^2 + 1468,56^2)} = 3891,1 \text{ кВА}.$$

Бір желіден өтетін есептеу тоғы:

$$I_p = \frac{S_{лэп}}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_n} = \frac{3891,1}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 35} = 32 \text{ А}.$$

Авариялық режимдегі ток:

$$I_a = 2 \times I_p = 2 \times 32 = 64 \text{ А}.$$

Экономикалық токтың тығыздығына байланысты сым қимасын анықтаймыз:

$$F = \frac{I_p}{j} = \frac{32}{1} = 32 \text{ мм}^2;$$

мұндағы  $j=1$  А/мм<sup>2</sup> экономикалық токтың тығыздығы,  $T_m=6000$ сағ, және алюминий сымы.

Мына сымды қабылдаймыз АС –35/6,2  $I_{доп}=175$ А.

Өткізгіш сымның құны 1км=100 000 \*3=300 000 тг

Берілген ток бойынша таңдалған сымды тексереміз.

Есеп айыратын ток бойынша:  $I_{доп} = 175 \text{ А} > I_p = 32 \text{ А}.$

Авариялық режим бойынша:  $I_{доп ав} = 1,3 \times I_{доп} = 1,3 \times 175 = 227,5 \text{ А} > I_{ав} = 64 \text{ А}.$

ЛЭП(Электр өткізгіш желісі)-де электроэнергия шығыны:

$$\Delta W_{лэп5} = 2 \cdot 3 \cdot I_p^2 \cdot R \cdot 10^{-3} \cdot \tau = 2 \cdot 3 \cdot 32^2 \cdot 0,89 \cdot 10^{-3} \cdot 4592 = 25109,8 \text{ кВтч}$$

мұндағы  $R=r_0 \times L=0,89 \times 1=0,89 \cdot 10^{-3}$  Ом,

мұндағы  $r_0=0,89$  Ом/км – болат алюминий сымының меншікті кедергісінің қимасы 35мм<sup>2</sup>,  $l=1$  км – желі ұзындығы. Электрэнергияның 1кВт·сағ үшін қосылған құн салығынсыз 7,8тг пара-пар деп қабылдаймыз. Сонда желідегі энергия шығынының құны – 195856,44тг.

Әуе желісін ұстап тұрушы тіректердің және бекітуші арматуралар, оқшаулағыштар мен жалғағыштардың құны 5000 000 тг.

Әуе желісі үшін бөлінетін капиталдың мөлшері:  $K=300000*2+5000000*2=10600000$  тг.


Әуе желісінің энергия шығынының құны:  $C_w=195856,44$  тг.

Әуе желісінің амортизация шығынының құны:  $C_a=296800$  тг.

Әуе желісінің ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығының құны:  
 $C_p=53000$  тг.

3  $U=35$  кВ-қа ажыратқыш таңдаймыз.

Аспап таңдап алмас бұрын, орынбасу сұлбасын құраймыз (сурет.3.2.) және қысқа тұйықталу тоғын есептейміз:



**2.2 - сурет - Алмастыру сұлбасы**

$$S_6=1000 \text{ MVA}; U_6=35 \text{ кВ}. S_{кз}=600 \text{ MVA}$$

$$x_c = S_6 / S_{кз} = 1000/600 = 1,67 \text{ о.е.},$$

$$I_6 = \frac{S_6}{\sqrt{3} \times U_H} = \frac{1000}{\sqrt{3} \times 35} = 16,5 \text{ кА};$$

$$X_L = X_0 \cdot L \cdot \frac{S_6}{U_{cp}^2} = 0,4 \cdot 1 \cdot \frac{1000}{35^2} = 0,326 \text{ о.е.}$$

$$I_{к1} = \frac{I_6}{X_c} = \frac{16,5}{1,67} = 9,88 \text{ кА}; \quad i_y = \sqrt{2} \cdot K_y \cdot I_{к1} = \sqrt{2} \cdot 1,8 \cdot 9,88 = 25 \text{ кА}$$

$$I_{к2} = \frac{I_6}{X_c + X_L} = \frac{16,5}{1,67 + 0,326} = 8,3 \text{ кА}; \quad i_y = \sqrt{2} \cdot K_y \cdot I_{к1} = \sqrt{2} \cdot 1,8 \cdot 8,3 = 21 \text{ кА}$$

Электр жүйенің апаттық режиміндегі токтары бойынша P1 және P2 айығыштарын таңдаймыз.

Электр жүйенің апаттық режиміндегі токтары бойынша B1 және B2 айығыштарын таңдаймыз

B1 және B2 ажыратқыштарды таңдаймыз:

Ажыратқыш С-35М-630-10У1

$$I_{ном}=630\text{A} > I_{ав}=64\text{A};$$

$$I_{откл}=10\text{кА} > I_{к1}=8,3\text{кА};$$

$$I_{пред}=524\text{кА} > i_y=21\text{кА};$$

$$I_{терм}=20\text{кА} > I_{к1}=8,3\text{кА},$$

P1 және P2 айығыштарын таңдаймыз:

Айығыш РВ3-35/630У3

$$I_{ном}=630\text{A} > I_{ав}=64\text{A};$$



$$I_{откл}=10\text{кА}>I_{к1}=9,88\text{кА};$$

$$I_{пред}=524\text{кА}>i_y=25\text{кА};$$

$$I_{терм}=20\text{кА}>I_{к1}=9,88\text{кА},$$

С-35М-630-10У1 екі ажыратқышының құны 2,2 млн. тг.

$$K_{В1-2}=2 \times 1100\ 000=2200\ 000\ \text{тг}$$

РВ3-35/630У3 төрт айырғышының құны 280 мың тг.

$$K_{Р1-2}=2 \times 70000=280\ 000\ \text{тг}$$

Коммутациялық аппараттар үшін бөлінетін капиталдың мөлшері:  
 $K=70000 \cdot 4 + 1100000 \cdot 2480000\ \text{тг}.$

Коммутациялық аппараттар амортизация шығынының құны:  $C_a=156240\ \text{тг}.$

Трансформаторлық қосалқы станцияның ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынының құны:  $C_p=24800\ \text{тг}.$

### 2.3 II Нұсқа

II нұсқа бойынша электрқондырғы таңдаймыз.

Кабель желісі (Электр өткізгіш желісі) –35 кВ.

1. ГПП трансформаторларын таңдаймыз:

$$S = \sqrt{P_p^2 + Q_э^2} = \sqrt{3568,73^2 + 1468,56^2} = 3859$$

Қуаттылығы 2500 кВА-лі екі трансформатор таңдаймыз.

Трансформатор түрі ТМН –2500/35/6,3;

$S_n=2500\ \text{кВА}$ ,  $U_{вн}=35\ \text{кВ}$ ,  $U_{нн}=6,3\ \text{кВ}$ ,  $\Delta P_{xx}=4,1\ \text{кВт}$ ,  $\Delta P_{кз}=23,5\ \text{кВт}$ ,

$U_{кз}=6,5\%$ ,  $I_{xx}=1\%$ .

БТҚС орнатылған трансформатордың құны 6 млн. тг құрайды.

Трансформатордағы қуат шығыны:


активті:

$$\Delta P_{ГПП} = 2 \cdot (\Delta P_{xx} + \Delta P_{кз} \cdot K_3^2) = 2 \cdot (4,1 + 23,5 \cdot 0,75^2) = 34,6\ \text{кВт}$$

реактивті:

$$\Delta Q_{тгпп} = 0,02 \cdot (I_{xx} + U_{кз} \cdot K_3^2) \cdot S_n;$$

$$\Delta Q_{тгпп} = 0,02 \cdot (1 + 6,5 \cdot 0,75^2) \cdot 2500 = 232,8\ \text{квар}.$$



**2.3 – Сурет - Екінші нұсқа электржабдықтау сұлбасы**

Трансформатор энергиясының шығыны.

Үш сменмен жұмыс істеу режим кезінде:  $T_{\text{вкл}}=6000\text{сағ}$ ;  $T_{\text{макс}}=6000\text{сағ}$ .

Онда максималды шығын уақыты:

$$\tau = (0.124 + T_m \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = (0.124 + 6000 \cdot 10^{-4})^2 \cdot 8760 = 4592\text{с}.$$

Трансформатордың активті қуат шығыны:

$$\Delta W = 2 \times (\Delta P_{\text{xx}} \times T_{\text{вкл}} + \Delta P_{\text{кз}} \times \tau \times K_3^2)$$

$$\Delta W = 2 \times (4,1 \times 6000 + 23,5 \times 4592 \times 0,75^2) = 170601 \text{ кВтч}$$

Сонда трансформатордың бір жылдағы тұтынатын электр энергия шығынының құны 1330687 тг.

Трансформаторлық қосалқы станция үшін бөлінетін капиталдың мөлшері:  $K=6000000 \times 2=12000000\text{тг}$ .

Трансформатор энергия шығынының құны:  $C_w=1330687 \text{ тг}$ .

Трансформаторлық қосалқы станция амортизация шығынының құны:  $C_a=756000 \text{ тг}$ .

Трансформаторлық қосалқы станцияның ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығынының құны:  $C_p=120000\text{тг}$ .

2 Кабель желісі (Электр өткізгіш желісі) –35 кВ.

Кабель желісінен өтетін толық қуаты:

$$S_{\text{каб}} = \sqrt{(P_p + \Delta P_{\text{мзпп}})^2 + Q_3^2} = \sqrt{((3568,73 + 34,6)^2 + 1468,56^2)} = 3891,1\text{кВА}.$$

Есептік ток:

$$I_p = \frac{Sp}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot U_H} = \frac{3891,1}{2 \cdot \sqrt{3} \cdot 35} = 32 \text{ A}.$$

Авариялық режимдегі ток:

$$I_a = 2 \times I_p = 2 \times 32 = 64 \text{ A}.$$

Тоқтың экономикалық тығыздығына байланысты сым қималарын анықтаймыз:

$$F = \frac{I_p}{j} = \frac{32}{1,2} = 26,6 \text{ мм}^2;$$

мұнда  $j=1,2 \text{ A/мм}^2$  тоқтың экономикалық тығыздығы,  $T_M=6000 \text{ сағ}$  және алюминий сымдарда.

Тоқөткізгішті қабылдаймыз:  $3 \times \text{RM} - 50/16$  с  $I_{\text{доп}}=219 \text{ A}$ .

Қимасы  $50 \text{ мм}^2$  кабель құны  $1 \text{ км}=25\,000\,000 \text{ тг}$

Кабель жүргізілетін траншеяны қазуға жұмсалатын қаражат құны  $1 \text{ км}=1\,000\,000 \text{ тг}$ .

Берілген токтарды таңдалған сымдармен тексереміз:

Есеп-айыру тоғында:  $I_{\text{доп}}=219 \text{ A} > I_p=32 \text{ A}$ :

Авариялық режимде:  $I_{\text{доп ав}}=1,3 \times I_{\text{доп}}=1,3 \times 219=285 \text{ A} > I_{\text{ав}}=64 \text{ A}$ .

КЖ электроэнергия шығыны:

$$\Delta W_{\text{кж}} = 2 \cdot 3 \cdot I_p^2 \cdot R \cdot \tau = 2 \cdot 3 \cdot 32^2 \cdot 0,387 \cdot 10^{-3} \cdot 4592 = 10920 \text{ кВтч}$$

$$\text{мұндағы } R=r_0 \times L=0,387 \times 1=0,387 \text{ Ом},$$

